

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 72 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 01 сәуірде № 8398 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 494 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2014.11.14 № 494 бұйрығымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 26-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Бюджеттік жоспарлау және болжамдау департаменті (Т.М. Савельева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Министр *Е. Досаев*
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2013 жылғы 13 наурыздағы
№ 72 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесі

1. Осы Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау қағидасы (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасаудың құрылымы мен тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

2. Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы (бұдан әрі - Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы) бюджет түсімдері мен шығыстарын сыныптама объектілеріне топтамалық кодтар бере отырып, функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша топтастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 26-бабына сәйкес (бұдан әрі - Бюджет кодексі) бюджеттік сыныптама Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың шешімдері негізінде жасалады.

Бюджет кодексінің 27-бабына сәйкес бюджеттік сыныптама мыналарды: бюджеттік түсімдер сыныптамасын; бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасын; бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын қамтиды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады: сыныптамалық код - түсімнің әрбір түрі, бюджет шығыстарының әрбір түрлері және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша, олардың белгілі бір сипаттамалары бойынша, түсімдер сыныптамасының, шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасының деңгейлері бойынша жеке бекітілетін цифрлық белгі (топтамалық код).

2. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы

4. Барлық деңгейдегі бюджеттер түсімдерінің белгілі бір сипаттамалар бойынша осы Қағиданың 2-тармағында көрсетілген салықтарды, төлемдерді және бюджетке түсетін басқа да түсімдерді белгілейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне негізделген топтамасы бюджет түсімдерінің сыныптамасы болып табылады.

Бюджет түсімдері сыныптамасының топтамасы мыналардан тұрады: түсімдердің экономикалық белгілері бойынша топтамасын білдіретін санаттар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады; түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша топтайтын сыныптар. Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады; түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі

топтайтын кіші сыныптар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады; бюджетке түсетін төлем немесе түсім түрін айқындайтын ерекшеліктер.

Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады.

5. Түсімдердің әрбір түрінің түсімдер сыныптамасының барлық деңгейлерінің кодтарынан қалыптасатын алты таңбалы коды болады.

Түсімдердің алуан түрлері үшін бірдей алты таңбалы кодтарды белгілеуге ж о л б е р і л м е й д і .

6. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы мынадай негізгі санаттарды қамтиды:

- 1) 1 – «Салықтық түсімдер»;
- 2) 2 – «Салықтық емес түсімдер»;
- 3) 3 – «Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер»;
- 4) 4 – «Трансферттерден түсетін түсімдер»;
- 5) 5 – «Бюджеттік кредиттерді өтеу»;
- 6) 6 – «Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер»;
- 7) 7 – «Қарыздардың түсімі»;
- 8) 8 – «Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары».

7. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

3. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы

8. Бюджет кодексінің 29-бабына сәйкес мемлекет функцияларының орындалуын, Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыруды көрсететін функционалдық және ведомстволық белгілер бойынша бюджет қаражатының жұмсалу бағыттарын айқындайтын барлық деңгейлердегі бюджеттер шығыстарының топтамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы болып табылады.

Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының топтамасы мынадай деңгейлерден тұрады:

- функционалдық топтар;
- функционалдық кіші топтар;
- бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері;
- бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар)

9. Функционалдық топ елдің стратегиялық даму басымдықтарына сәйкес келетін және олардың әрқайсысының айқын мақсатын көрсететін елдің негізгі даму бағыттарын көрсетеді. Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады.

Мемлекеттік басқару органдары орындайтын функцияларға байланысты бюджет шығыстары мынадай функционалдық топтар бойынша:

- 1) 01 - «Жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар»;
- 2) 02 - «Қорғаныс»;
- 3) 03 - «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі»;
- 4) 04 - «Білім беру»;
- 5) 05 - «Денсаулық сақтау»;
- 6) 06 - «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру»;
- 7) 07 - «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық»;
- 8) 08 - «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік»;
- 9) 09 - «Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану»;
- 10) 10 - «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары»;
- 11) 11 - «Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі»;
- 12) 12 - «Көлік және коммуникациялар»;
- 13) 13 - «Өзгелері»;
- 14) 14 - «Борышқа қызмет көрсету»;
- 15) 15 - «Трансферттер»;
- 16) 16 - «Қарыздарды өтеу».

10. Функционалдық кіші топ ел дамуының әрбір стратегиялық басымдығы жөніндегі міндеттер тобын функционалдық топ ішінде нақтылайды. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады.

11. Бюджет кодексінің 31-бабына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүктелген функциялар мен өкілеттіктерге сай айқындалады.

Орталық атқарушы және орталық мемлекеттік өзге де органдары республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері болып табылады, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымына және тиісті мәслихат бекітетін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасына негізделе отырып, айқындалады.

Бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісіне өзінің жеке сыныптамалық коды беріледі, ол 3 белгіден тұрады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

12. Бюджеттік бағдарлама мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында айқындалған стратегиялық бағыттармен, мақсаттармен, міндеттермен, нәтиже көрсеткіштерімен немесе стратегиялық жоспарды әзірлемейтін мемлекеттік органның ережесінде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысты бюджет шығыстарының бағытын айқындайды және нәтиже көрсеткіштері мен бюджет шығыстарын қаржыландыру көлемдерін қамтиды. Бюджеттік бағдарламаның

сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 № 392 бұйрығымен.

13. Атаулары бірдей бюджеттік бағдарламалар, оның ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды орындау кезінде пайдаланылатындар мен бюджеттік бағдарламалардың бірнеше әкімшілеріне бекітілгендердің де кодтары біреу және 100-ден бастап 199-ға дейінгі кодтар бойынша сыныпталады.

14. Бюджеттік кіші бағдарлама бюджеттік бағдарлама шеңберіндегі бюджет шығыстарының нақты бағыттарын ашады және бюджеттік бағдарлама сияқты ол да сол функционалдық топта, функционалдық кіші топта бекітіледі.

Бюджеттік кіші бағдарламалардың 001-ден 999-ға дейінгі сыныптамалық коды болады. Бірнеше әкімшілерге бекітілген аттас бюджеттік кіші бағдарламалар 001-ден 099 аралығындағы кодтар бойынша жіктеледі.

Егер бағдарлама кіші бағдарламаларға бөлінбесе, олардың орнына 000 сыныптамалық коды көрсетіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 № 392 бұйрығымен.

15. Функционалдық топ, функционалдық кіші топ, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, бюджеттік бағдарлама және кіші бағдарлама кодтарынан тұратын әрбір он екі таңбалы код бюджет шығыстарының барлық функционалдық сыныптамасының бірегейі болып табылады.

16. Бюджет кодексінің 33-бабына сәйкес бюджеттік бағдарламалар мыналарға бөлінеді :

1) мазмұнына байланысты мыналарға:
мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;
трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру;
бюджеттік кредиттерді беру;
бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру;
күрделі шығыстарды жүзеге асыру;
мемлекет міндеттемелерін орындау;
нысаналы салым салу.

Бірыңғай түпкілікті нәтижеге қол жеткізу мақсатында мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру, трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру жөніндегі шығындар, көрсетілген шығындарды жекелеген кіші бағдарламаларға бөле отырып, бір бюджеттік бағдарламаға біріктірілуі мүмкін;

Ескерту. Осы абзац 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 № 392 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз).

2) мемлекеттік басқару деңгейіне қарай мыналарға:
республикалық бюджеттің құрамында бекітілетін республикалық
б а ғ д а р л а м а л а р ;

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің
құрамында бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана
б а ғ д а р л а м а л а р ы ;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін
аудандық (қалалық) бағдарламалар;

республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудан (облыстық
маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін қаладағы ауданның,
аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық)
округтің бюджеттік бағдарламалары болып бөлінеді. Облыстық, республикалық
маңызы бар қала, астана, аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар,
сондай-ақ қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың
(селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламалары жергілікті
бюджеттік бағдарламалар болып табылады;

3) іске асыру тәсіліне қарай мыналарға:
бір әкімші іске асыратын жеке бюджеттік бағдарламалар;
белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік
бағдарламаларының құрамында бекітілетін және бюджеттік бағдарламалардың
түрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге тиіс бөлінетін
бюджеттік бағдарламалар болып бөлінеді.

Бұдан басқа, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бірыңғай
бюджеттік сыныптаманың құрамында тиісті белгі (код) беріле отырып, ағымдағы
бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) және бюджеттік даму
бағдарламаларына (кіші бағдарламаларға) бөлінеді.

Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджет шығыстары
бюджеттік даму бағдарламаларына (кіші бағдарламаларға) жатады. Бюджеттің
қалған шығыстары ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға)
ж а т а д ы .

Ескерту. Осы абзац 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 № 392 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) .

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 №

17. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

4. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы

18. Бюджет кодексінің 30-бабына сәйкес бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын операцияларды көрсететін экономикалық сипаттамалар бойынша бюджет шығыстарын топтастыру бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы болып табылады.

Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын топтастыру мыналардан тұрады:

шығыстарды экономикалық белгілері бойынша топтастыратын санаттар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;

шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша топтастыратын сыныптар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;

шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша барынша егжей-тегжейлі топтастыратын кіші сыныптар. Сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады;

19. Ерекшеліктердің сыныптамалық кодтары шығыстардың экономикалық сыныптамасының жоғары тұрған деңгейлерінің сыныптамалық кодтарынан бөлек қолданыла алады және әртүрлі санаттарда, сыныптарда, кіші сыныптарда қайталанбауға тиіс.

20. Экономикалық сыныптама келесі санаттардан тұрады:

1) 1 «Ағымдағы шығындар» мемлекеттік мекемелердің өз функцияларын жүзеге асыруға байланысты шығындары;

2) 2 «Күрделі шығындар» негізгі капиталды құруға, қалпына келтіруге немесе сатып алуға байланысты шығындар;

3) 3 «Бюджеттік кредиттер» қайтарымды, мерзімді және ақылы негізде бюджеттен бөлінетін ақша;

4) 4 «Қаржы активтерін сатып алу» мемлекеттік меншікке заңды тұлғалардың, оның ішінде, халықаралық ұйымдардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі операциялармен байланысты шығыстар;

5) 5 «Қарыздарды өтеу» қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсалатын шығыстар.

21. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы осы Ереженің 3-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

22. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының негізінде

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес ерекшеліктердің анықтамасы мен ерекшеліктер бойынша шығындардың тізбесі көрсетілетін бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын жасайды және бекітеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

5. Бюджеттік сыныптаманы жасау, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу

23. Мемлекеттік басқару органдарының Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі нормативтік негізделген тиісті ұсыныстары бюджетті жоспарлау процесінде, сондай-ақ Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуді болжайтын нормативтік құқықтық акт қабылданған жағдайда бюджетті атқару барысында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

24. Бюджеттік сыныптаманың жобасына алдағы қаржы жылына арналған бюджет жобасын жоспарлау үшін қажетті өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейін енгізіледі.

25. Алдағы қаржы жылына арналған Бюджеттік сыныптама жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы жылдың 15 мамырына дейін республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

26. Бюджеттік сыныптама жоспарланатынының алдыңғы жылдың 10 желтоқсанына дейін алдағы жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданғаннан кейін бекітіледі.

6. Бюджет түсімдерінің сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу

27. Бюджеттік сыныптамада бюджеттік түсімдердің жаңа түрлерін енгізуді, қолданыстағы түрлерін алып тастауды немесе өзгертуді тиісті нормативтік құқықтық акті негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

28. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік басқару органдарының бюджет түсімдерінің жаңа түрлерін енгізу туралы, қолданыстағыларды алып тастау немесе өзгерту туралы тиісті ұсыныстарының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Қарау нәтижелері негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы жоба бұйрығын әзірлейді, не ұсынысты кейінге қалдырады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

7. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу

29. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың жаңа әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту орталық мемлекеттік органдар құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, сондай-ақ қажет болған кезде олардың функциялары өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

30. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың жаңа әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту, жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымын өзгерткен және (немесе) жылына 1 реттен жиі емес, тиісті аумақта орналасқан және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, жаңа атқарушы органдардың құрылуына немесе жұмыс істеп тұрғандарының біріктірілуіне, қосылуына, бөлінуіне байланысты тиісті мәслихат бекіткен тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

31. Бюджеттік сыныптамада жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту бюджет шығыстарының тиісті түрлерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер негізінде жүргізіледі.

32. Дебиторлық және (немесе) кредиторлық берешегі бар қолданыстағы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) алып тастау толық берешек өтелгеннен (есептен шығарылғаннан), немесе осы берешектің құқықтық мирасқоры анықтаған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасына көшірілгеннен кейін жүргізіледі.

33. Жергілікті атқарушы органдар жаңа жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу туралы, қолданыстағыларын

алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстарды тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жібереді, олар бұл ұсыныстардың қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі, өкілеттіктердің мемлекеттік басқару деңгейлері арасында бөлінуі тұрғысынан қарайды.

Сәйкес келмеген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жергілікті атқарушы органдарға Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуден негізделген бас тартуды қалыптастырады.

Сәйкес келген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жергілікті атқарушы органдар ұсыныстарының жиынтық тізбесін жасайды және өздерінің қорытындыларымен бірге мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

34. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жаңа республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу туралы, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстарының олардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін, нормативтік құқықтық негіздемесінің болуын, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қарау нәтижелерінің негізінде Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы бұйрық жобасын әзірлейді, не ұсыныстарды қабылдамайды.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

35. Ағымдағы қаржы жылы бюджетінің атқарылуы барысында жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізуге, қолданыстағыларын алып тастауға немесе өзгертуге бюджет нақтыланған немесе түзетілген кезде ғана болады.

8. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу

36. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының жаңа ерекшелігін енгізуді, қолданыстағыны алып тастау немесе өзгертуді мемлекеттік органдардың ұсыныстарын ескере отырып мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

37. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік органдардың шығыстардың экономикалық сыныптамасының жаңа ерекшелігін енгізу туралы, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы тиісті ұсыныстарының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

38. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы негізінде бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын жасайды және бекітеді.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 27.06.2013 № 196 бұйрығымен.

9. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдармаларды) әзірлеу және олардың мазмұнына қойылатын талаптар

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

39-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

39. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) жасау кезінде олардың мазмұнына Бюджеттік кодексте көзделген талаптар есепке алынады.

Бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі әзірлейді және ол мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының құрамында бекітіледі.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоспарлы кезеңге арналған бюджет қаражатын жоспарлау көлемі, нәтижелілік және тиімділік көрсеткіштері бар бюджеттік бағдарламаларды ә з і р л е й д і .

40. Бюджет кодексінің 32-бабына сәйкес бюджеттік бағдарламалар стратегиялық жоспарда қалыптасқан мақсаттар мен міндеттерді шешу үшін қажеттілік пен жеткіліктілік қағидаттарына негізделі отырып әзірленеді.

Бюджеттік бағдарламалар өзінің мазмұны бойынша біртекті мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетулер немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қызметінің бағыттары бойынша топталуы т и і с .

41. Бюджеттік бағдарламада оның іске асырылуын бағалау үшін тікелей және түпкілікті нәтижелердің көрсеткіштері қамтылуы тиіс, сондай-ақ бюджеттік бағдарламада сапа мен тиімділік көрсеткіштері қамтылуы мүмкін.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижені ғана көрсетеді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен.

42. Бюджеттік бағдарлама бюджет қаражатын жұмсаудың бағыттарын нақтылайтын, бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

Бюджеттік бағдарламаның кіші бағдарламалары болған кезде, тікелей нәтиже көрсеткіштері кіші бағдарламалар деңгейінде көрсетіледі.

Ескерту. 42-тармақ 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 № 392 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қ а р а ң ы з) .

43. Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мазмұнын және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуді немесе мемлекеттік орган қызметінің бағытын көрсетуі тиіс.

44. Бюджет кодексінің 35-бабына сәйкес трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға:

1) жалпы сипаттағы трансферттерді, ағымдағы нысаналы трансферттерді, нысаналы даму трансферттерін қоса алғанда бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттерде бөлінеді;

2) мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлемдерден басқа, жеке тұлғаларға арналған трансферттерді;

3) жеке және заңды тұлғаларға арналған бюджеттік субсидияларды ұсынуға арналған .

Трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары трансферттер немесе субсидиялар арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың бағыттарын көрсетуі тиіс.

45. Бюджет кодексінің 36-бабына сәйкес бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға:

1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;

2) мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға;

3) қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына

;

4) төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақшаның тапшылығын жабуы ж а т а д ы ;

5) мемлекеттің әлеуметтік саяси міндеттерін шешуге бюджеттік кредиттер

б о л у г е

а р н а л ғ а н .

Бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары бюджеттік кредиттер шығыстарының бағыттарын көрсетуі тиіс.

46. Бюджет кодексінің 37-бабына сәйкес бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар:

- 1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;
- 2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысуына арналған.

Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары бюджет қаражаты бөлінетін мақсаттарды көрсетуі т и і с .

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен.

47. Бюджет кодексінің 38-бабына сәйкес күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға:

- 1) материалдық-техникалық базаны қалыптастыру немесе нығайту;
- 2) күрделі жөндеу (қалпына келтіру) жүргізу;
- 3) бюджеттік инвестициялардан басқа шығыстардың экономикалық сыныптамасына сәйкес өзге де күрделі шығыстар жатады.

Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар атаулары бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің күрделі шығыстарының м а з м ұ н ы н кө р с е т у і т и і с .

48. Бюджет кодексінің 39-бабына сәйкес мемлекеттің міндеттемелерін орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға:

- 1) уақыттың белгілі бір кезеңіндегі сыйақының, комиссиялық алымдардың, айыппұлдардың және қарыз алу шарттарынан туындайтын өзге де төлемдердің жиынтық төлемдері, хеджирлеу мәмілелері бойынша төлемдер;
- 2) қарыз алушының алған қарыз сомасын қарыз шартында белгіленген тәртіппен қайтаруы, қарыз шартынан туындайтын мемлекеттің басқа да м і н д е т т е м е л е р і н о р ы н д а у ы ;
- 3) Қазақстан Республикасының мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдарға үлестік және донорлық жарналар;
- 4) мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктер бойынша міндеттемелерді о р ы н д а у ;

5) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан және келісімдерден немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінен немесе соттар шешімдерінен туындайтын мемлекеттің басқа да міндеттемелері ж а т а д ы .

Мемлекет міндеттемелерін орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары қабылданған мемлекеттік міндеттемелерді орындау

үшін жүзеге асырылуы тиіс шығыстардың мазмұнын көрсетуі тиіс.

49. Нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламалар, қордың автономдық білім беру ұйымдарының қызметіне және (немесе) ұйымдық-құқықтық нысанда құрылатын коммерциялық емес ұйымға, автономды білім беру ұйымдарының және олардың ұйымдарының немесе Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етуге ғана арналған.

Нысаналы салымға қаржы бөлуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар атауында, қызметінде нысаналы салымға қаржы бөлу қызметін жүзеге асырылатын ұйымның атауы көрсетілуі керек.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

10-бөлімнің атауын алып тастау көзделген - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

50-тармақты алып тастау көзделген - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

50. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жоспарлы кезеңге арналған жылжымалы негізде жыл сайын әзірленеді.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижені ғана көрсетеді.

51. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының жобасы осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай а қ п а р а т т ы қ а м т и д ы :

- 1) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы;
- 2) бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы;

2-1) «Бюджеттік бағдарламаның басшысы» деген жол бойынша, бюджеттік бағдарлама басшысының (басшының орынбасары, орталық мемлекеттік органның қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін орталық атқарушы

орган жауапты хатшысы, аппарат басшысы) фамилиясы, аты-жөні, лауазымы,
тегі к ө р с е т і л е д і ;

3) ж о с п а р л ы к е з е н

4) «Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі» деген жолында осы бағдарлама шеңберінде іске асырылатын мемлекеттік функцияларды, осы бюджеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру қажеттігін анықтайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері к ө р с е т і л е д і .

Осы жол бойынша, заңнама актілерін қоспағанда, нормативтік құқықтық актінің толық атауы, күні мен нөмірі, заңнама актісіне сілтеме жасалған жағдайда тиісті баптарға міндетті түрде нұсқау көрсетіледі;

5) «Бюджеттік бағдарламаны сипаттау (негіздеме)» деген жолда шығыстардың бағытын көрсете отырып, бюджеттік бағдарламаға қысқаша с и п а т т а м а к е л т і р і л е д і ;

б) «Бюджеттік бағдарламаның түрі» деген жолда: «мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты» деген жолында мемлекеттік басқару деңгейіне қарай бюджеттік бағдарламаның түрі: республикалық бюджеттің құрамында бекітілетін республикалық облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің құрамында бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың; аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін а у д а н д ы қ (қ а л а л ы қ) ;

республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламалары көрсетіледі;

«мазмұнына байланысты» деген жолда бағдарлама мазмұнына байланысты бюджеттік бағдарламаның түрі; мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету; трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру; бюджет кредиттерін беру; бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру; күрделі шығыстарды жүзеге асыру; мемлекеттік міндеттемелерді орындау; нысаналы салым салу көрсетіледі;

«іске асыру тәсіліне қарай» деген жолда жеке не бөлінетін бюджеттік бағдарлама көрсетіледі;

«ағымдағы/даму» деген жолда ағымдағы бюджеттік бағдарлама не бюджеттік

даму бағдарламасы көрсетіледі.

7) «Бюджеттік бағдарламаның мақсаты» деген жолда бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізілуі тиіс белгілі бір нәтиже келтіріледі. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты анық, нақты және қолжетімді болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты мемлекеттік басқару функцияларына, елдің стратегиялық даму міндеттеріне, республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, мемлекеттік, салалық бағдарламаларға, аумақтарды дамыту бағдарламаларына сүйене отырып қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы ;

8) «Бюджеттік бағдарламаның міндеттері» деген жолда бюджеттік бағдарламалардың түпкі нәтижесіне қол жеткізу жолдары көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаның міндеттері анық, дәл, нақты және тексерілген б о л у ы т и і с ;

9) «Бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар» деген бағанда жоспарлы кезеңде олардың іске асырылу мерзімдері көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған негізгі іс-шаралар (әрекеттер) көрсетіледі (2-4 бағандар);

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру мерзімі республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, мемлекеттік, салалық бағдарламалардың, аумақтарды дамыту бағдарламаларында көзделген іс-шараларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес болуы тиіс;

10) «Тікелей нәтиже көрсеткіштері» деген жолда қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын ұйымның қызметіне немесе көрсететін қызметіне толық тәуелді болатын, бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы көрсетіледі. Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бөлінісінде көрсетіледі;

11) «Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері» деген жолда халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының нысаналы жағдайының (жағдайының өзгеруі), әлеуметтік саланың, экономиканың, қоғамдық қауіпсіздік пен басқа мемлекеттік органдар қызметіне белгілі бір мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген мемлекеттік басқарудың басқа салаларының (аяларының) көрсеткіштері келтіріледі. Осы жол стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттің бағдарламалар әкімшісі қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

12) «Сапа көрсеткіштері» деген жолда бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің оны алушылардың үміттенулеріне және мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкестігі

дәрежесін көрсететін көрсеткіштер көрсетіледі. Осы жол стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

13) «Тиімділік көрсеткіштері» деген жолда бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу дәрежесін немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей нәтижеге қол жеткізуді көрсететін көрсеткіштер келтіріледі. Осы жол стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

14) «Бюджеттік қаражат көлемі» деген жолда есепті және ағымдағы жылдардағы, сондай-ақ жоспарлы кезеңнің жылдары бөлінісінде жоспарлы кезеңдегі мың теңгемен осы бюджеттік бағдарлама бойынша бюджет қаражатының көлемі көрсетіледі (3-7-бағандар).

Ескерту. 51-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34; ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 № 392 бұйрықтарымен.

52. Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтініммен бір мезгілде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық органға ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, бюджеттік бағдарламалар жобаларын ұсынады.

Стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілеттік органдарға бюджеттік өтінімдерді және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

53-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

53. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары республикалық бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және оларды Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойған күннен бастап бір апта мерзімде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы бекітеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру

комиссияларының бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және оларды ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін тиісті тексеру комиссиясының төрағасы бекітеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихат аппараттарының бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және оларды ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін тиісті мәслихат хатшысы бекітеді.

Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала немесе астана бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар әкімшілері болып табылатын бюджеттік бағдарламалар жобалары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін бекітеді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және оларды ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды нысаналы трансферттер аударатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісімен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдармен келісу бойынша төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының жобалары әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін бекітеді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 № 392 бұйрығымен.

54. Бюджетті нақтылау немесе түзету кезінде олардың қаржыландыру көлемдері мен нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда, бюджеттік бағдарламалар қайта бекітіледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бастамасы бойынша бюджеттік бағдарламаларға тоқсанына бір реттен жиі емес, тоқсанның екінші айының 25-күніне дейін өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Қаржыландыру көлемінің өзгеруіне байланысты бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын тиісті бюджеттік комиссия қарайды.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.09.2014 № 392 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесінің 1-қосымшасы

Бюджет түсімдерінің сыныптамасы

Санаты				
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Ерекшелігі	
				Атауы
0				
	00			
		0		
			00	

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесінің 2-қосымшасы

Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы

Функционалдық топ				
	Кіші функция			
		Бағдарламалардың әкімшісі		
			Бағдарлама	
				Кіші бағдарлама
				Атауы
00				
	0			
		000		
			000	
				000

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесінің 3-қосымшасы

Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы

Санаты

	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
	Ерекшелігі		
	Атауы		
0			
0			
	000		
		000	

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесінің 4-қосымшасы

Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымы

Кіші сыныбы	Ерекшелігі	Атауы	Анықтамасы	Шығындар тізбесі

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесінің 5-қосымшасы
нысан

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 31.01.2014 № 34 бұйрығымен.

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы _____

бюджеттік бағдарламаның коды және атауы _____

бюджеттік бағдарламаның басшысы _____

_____ жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі	
Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)	
Бюджеттік бағдарламаның түрі	мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты
	мазмұнына байланысты
	іске асыру тәсіліне қарай
	ағымдағы/даму

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты						
Бюджеттік бағдарламаның міндеттері						
Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар				жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі		
1				2	3	4
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы		өлшем бірлігі	есепті жыл	ағымдағы жыл жоспары	жоспарлы кезең	
1		2	3	4	5	6
Тікелей нәтиже көрсеткіштері						
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері*						
Сапа көрсеткіштері *						
Тиімділік көрсеткіштері*						
Бюджет қаражатының көлемі		мың теңге				

* осы жолдар стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а ж әне б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ыл ғ ы 1 3 н а у р ы з д а ғ ы
№ 7 2 б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л г е н
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған бұйрықтарының тізбесі

1) «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 6 мамырдағы № 214 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 31 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6265 болып енгізілді;

2) «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 6 мамырдағы № 214 бұйрығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № 425 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 7 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6450 болып енгізілді;

3) «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 6 мамырдағы № 214 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 647 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 21 желтоқсанда № 7348 тіркелді;

4) «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 6 мамырдағы № 214 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 ақпандағы № 103 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 15 наурызда № 7459 т і р к е л д і ;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 346 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 тамызда № 7836 тіркелді